

2024 – 2025 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жылдық талдауы

2024 – 2025 оқу жылындағы тәрбие бөлімінің жұмысы мектеп директорының бекітілген №38 қазақ орта мектебі 2024 – 2025 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары бойынша жүргізілді. Жоспар «Біртұтас тәрбие» бағдарламасына сәйкес құрылды.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев озық дамыған мемлекет құру өскелең ұрпаққа тікелей байланысты екендігіне тоқталып, оларды тәрбиелеуге ерекше назар аудару міндетін қойды. Ұлттың жаңа келбетін қалыптастыратын құндылықтар:

- **тәуелсіздік және отаншылдық**
- **бірлік және ынтымақ**
- **әділдік және жауапкершілік**
- **заң және тәртіп**
- **еңбекқорлық және кәсіби біліктілік**
- **жасампаздық және жаңашылдық**

құндылықтарын саралап, бала тәрбиесіндегі басты бағдар ретінде айқындады.

Ұлт болашағы балалар мен жастардың бойына қандай құндылықтар сіңіретініне байланысты, сол себепті өскелең ұрпақты тәрбиелеу – мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі.

Сондықтан «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы елімізді жаңартатын «Қағидамыз – әділдік, тірегіміз – жауапкершілік, мақсатымыз – өрлеу» ұстанымына негізделеді.

Бағдарламаның мақсаты:

Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отыра, тәрбие жұмысының барлық бағыттары арқылы өтеді. **Бағдарламаның міндеттері:**

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

- Отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
- адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;
- табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу;

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:

- елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;
- отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
- өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;
- әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:

- басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;
- өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;
- еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
- біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:

- әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;
- білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал

қалыптастыру;

- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;
- отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері:

❖ Бағдарламаны кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыру және дамыту күтіледі;

Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар:

- 1.«Қамқор» жобасы
- 2.«Шабыт» жобасы
- 3.«Еңбегі адал-жас өрен» жобасы
- 4.«Ұшқыр ой алаңы» жобасы
- 5.«Балалар кітапханасы» жобасы
- 6.«SMART BALA» жобасы

Тақырыбы: Мектебім - мейірім мекені

Мақсаты: Жаңа оқу жылын бастау және Білім күнін мерекелеу;

Оқушыларға білімнің маңызы мен мектептің рөлін ұғындыру;

Мектептің жылдық жетістіктерін атап өту.

Іс-шараның барысы:

Салтанатты жиын мектептің оқу процесіне жаңадан қадам басқан бүлдіршіндердің өнерімен және өздерінің алғашқы жыр шумақтарымен ашылды.

Жиынның әр кезеңі шәкірттердің өнері мен білімге деген қызығушылығын көрсетумен ерекшеленді.

Қоңыраудың күмбірлі үні мектепке жаңа келген оқушылар мен олардың ата-аналарына қуаныш сыйлап, оқудың жаңа кезеңінің басталуын жариялады.

Қатысушылар: Оқушылар, мұғалімдер, ата-аналар және мектеп ұжымы.

Нәтиже: Іс-шара мектептегі жаңа оқу жылын қуанышпен қарсы алу мен білімге деген сүйіспеншілікті арттыруға бағытталған маңызды оқиға болды.

https://www.instagram.com/reel/C_YO6p2M4Fb/?igsh=dzIwa25zNG8wcHps

2024 жылдың 1 қыркүйегінде мектебімізде Білім күніне арналған салтанатты іс-шара өтті. Бұл күн — жаңа оқу жылының басталуы, білімге деген құштарлықтың артуы мен жаңа жетістіктерге алғашқы қадам жасаудың символы ретінде аталып өтті.

Іс-шараға Ақтөбе облыстық білім басқармасының басшысы Жайық Сұлтан Исаұлы арнайы келіп, 11-сынып оқушыларымен кездесу өткізді. Кездесу барысында болашақ мамандық таңдауға байланысты ой-пікір алмасып, бағыт-бағдар берді. Сонымен қатар, алғашқы рет мектеп табалдырығын аттаған 1-сынып оқушыларына жүрекжарды сәт-сапар тілегін білдірді.

https://www.instagram.com/p/C_Z5Pu1MCp6/?img_index=1&igsh=MXN2bjV4ZTV3MWhoeA

==

Бұл анықтама 2024–2025 оқу жылының басталуына орай 2 қыркүйек күні өткізілген салтанатты жиынға қатысқанын растайды. Жиын барысында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұраны орындалып, оқушылар мен мұғалімдер сапқа тұрып, еліміздің рәміздеріне деген құрметтерін білдірді.

Әнұранның шырқалу сәті — білім күніне ерекше мән беріп, жаңа оқу жылының басталуына рухани серпін сыйлады.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында апта дәйек сөздері әр аптаның алғашқы күні Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін шырқап, салауатты өмір салтын ұстану мақсатында таңғы жаттығу жасалып отырады. Оқушылар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін орындап, мектеп директоры Урекшова Лариса Шадшадиновна өмір қауіпсіздігі ережелерімен таныстырды. Кешкі уақытта заңды өкілінсіз көшеде жүрмеу, мектептің ішкі ережелерін сақтау, сабақтан себепсіз қалмау, кешікпеу туралы ескертті.

https://www.instagram.com/p/C_Z8GDRsOhQ/?img_index=1&igsh=MWxmYnJkam9va3k1OQ=

«Қамқор» жобасы

МАҚСАТЫ:

- әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы құндылықтарды дәріптеу;
- «Қоғамға қызмет ету» волонтерлік қызмет;

- «Жер сағаты» экологиялық акция;
- «Түлектердің ағаш егуі» эчеллендж;
- «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акция;

Тәрбие жұмысының өзекті мәселесі: Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі ұйымдастыру.

1. білім беру ұйымында қауіпсіз, жайлы физикалық оқу ортасын қамтамасыз ету;
2. «Біртұтас тәрбие» тәрбие бағдарламасының түйінді құндылықтарын ескеріп, білім беру процесінің оқушылар үшін этикалық нормаларды белгілеу.
3. Барлық білім алушылардың әлеуетін дамытуға ықпал ететін орта құру
4. педагогтер, білім алушылар мен ата-аналар немесе заңды өкілдер арасында өзара сыйластық және тілектестік қарым-қатынас орнату.
5. Ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту арқылы білім алушыларға жайлы жағдай жасау.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында «Қамқор» жобасы бойынша «Қайырымдылық акциясы» ұйымдастырылды.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында «Қамқор» жобасы бойынша **1-қазан Қарттар күніне** орай 11-сынып оқушылары қазыналы қарттардың үйлеріне барып, мерекемен құттықтады.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында «Қамқор» жобасы бойынша 1-11 сыныптар аралығындағы жекеленген санаттағы оқушыларына жаны жомарт демеушілердің қолдауымен Жаңа жыл мерекесі қарсаңында сыйлықтар табыс етілді. "Қайырымдылық жасасаң қайырын көресің"-дегендей, оқушыларымызды қолдап жатқан мейірімді жүрек иелеріне алғыс білдіріп, кәсіптеріне береке тілейміз.

2025 жылдың 1 қазан күні Қарттар күні мерекесіне орай 4-сынып оқушыларының ұйымдастыруымен "Ардагер ұстаздар – асыл жандар" тақырыбында мерекелік іс-шара өткізілді. Іс-шараның мақсаты – ардагер ұстаздарға құрмет көрсетіп, олардың білім мен тәрбие жолындағы еңбегін жас ұрпаққа үлгі ету. Оқушылар ардагер ұстаздарға арналған өлеңдер оқып, әндер орындап, өз өнерлерін көрсетті. Сонымен қатар ардагерлерге алғыс хаттар мен шағын сый-сияпаттар табыс етілді. Іс-шара жоғары деңгейде ұйымдастырылып, барлық қатысушыларға жағымды көңіл күй сыйлады.

<https://www.instagram.com/reel/DAqmD87MFGW/?igsh=MXBmZHIJycDA3b3JsYQ==>

«Қариясы бар ел – қазынасы бар» демекші, 3 "Б" сынып оқушылары мектебіміздің ардагер ұстазы, ұзақ жылдар бойы математика пәнінен білім беріп, саналы ұрпақ тәрбиелеуге зор үлес қосқан Оралбаева Мендігүл апайымызды арнайы құттықтап, жылы лебіздерін білдіріп қайтты.

Оқушылар ардагер ұстазға өлең шумақтарын арнап, өздерінің алғыстарын жеткізіп, сый-сияпаттарын тарту етті. Кездесу әсерлі өтті, оқушылар үлкенге құрмет көрсету, ізеттілік пен адамгершілік секілді қасиеттердің маңызын терең түсінді. Сынып жетекшісі: Өтеген Г.А.

<https://www.instagram.com/p/DAqIJ9Gsiph/?igsh=bjI2MW41ajR5czE2>

6 "А" сыныбының оқушыларымен «Қамқор» жобасы аясында өткізілген «Жақсылық жасау – жағымды іс» шарасының анықтамасы.

Шараның мақсаты:

- Оқушыларды мейірімділікке, қайырымдылыққа және жанашырлыққа тәрбиелеу.
- Жақсылық жасаудың адам өміріндегі маңыздылығын ұғындыру, қоғамда ізгі істерді насихаттау және көмекке мұқтаж жандарға қолдау көрсетуге ынталандыру.

Бұл шара барысында оқушыларға жақсылық жасаудың маңыздылығы мен қоғамдағы ізгі істерді қолдаудың адамгершілік құндылықтары жайында түсінік берілді. Олар мұқтаж жандарға көмек көрсету, жанашырлық таныту сияқты адамгершілік әрекеттердің маңыздылығын түсініп, өзара көмек көрсетуге ынталанды. Шара аясында түрлі тренингтер мен іс-шаралар ұйымдастырылып, оқушылардың жақсылық жасауға деген қызығушылықтары мен жауапкершіліктері артты. Сынып жетекшісі: Андиров А.

https://www.instagram.com/reel/DE4PP_QNzeB/?igsh=MWpqbWh2YjRrNmK0eA==

«Қамқор» жобасы аясында өткізілген «Құстарға қамқорлық жасайық» шарасының анықтамасы
2-«А» сыныбы оқушыларымен өткізілген жұмыс

Бұл шараның мақсаты – оқушыларды табиғатқа, оның ішінде құстарға деген қамқорлыққа, жанашырлыққа тәрбиелеу. Оқушыларды қоршаған орта мен табиғатқа жауапкершілікпен қарауға баулу, құстардың өмір сүруіне көмек көрсету арқылы экологиялық сана-сезімді дамыту.

Шара барысында балаларға құстардың экосистемадағы рөлі мен олардың қорғалуы қажет екенін түсіндіретін ақпараттар берілді. Оқушылар құстарға арналған ұялар мен жемдік үстелдер жасау сияқты практикалық тапсырмаларды орындап, табиғатқа деген сүйіспеншілік пен қамқорлықтарын білдірді. Сонымен қатар, құстарға қамқорлық көрсету арқылы олар өздері де табиғаттың бір бөлшегі екенін ұғынды. Жетекшісі: Изтаева Б.А.

<https://www.instagram.com/reel/DE79tNMtTjt/?igsh=czYwZG1leGkyN3A3>

10 "Ә" сынып оқушыларымен "Қамқор" жобасы аясында өткізілген «Жақсылық жасау – жағымды іс» шарасының аннотациясы

Шараның мақсаты:

- Оқушыларға мейірімділік, қайырымдылық, адамгершілік сияқты құндылықтарды сіңіру.
- Оқушыларды қоғамдағы мұқтаж адамдарға көмек көрсетуге, өз ортасына қамқорлық танытуға үйрету.
- Жақсылық жасау арқылы адамдар арасындағы сенім мен сыйластықты арттыру идеясын насихаттау.

Шара барысында оқушыларға адамгершілік қасиеттерді дамытып, қоғамдағы әлеуметтік мәселелерге бей-жай қарамауға тәрбиелеу мақсатында түрлі тренингтер мен практикалық тапсырмалар ұсынылды. Сонымен қатар, әр оқушының өздігінен жақсылық жасауға, қоғамға пайда тигізуге қызығушылығы арттырылды. Сынып жетекшісі: Тлегенова Б.

<https://www.instagram.com/p/DE4PEcINRIT/?igsh=dHM2MzAxdjV4OHJ6>

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ:

«Түлектердің ағаш егуі» эко-челленджі өтті

Ақтөбе қаласындағы №38 қазақ орта мектебі – қаладағы білім мен тәрбие ордасы ретінде ерекше орын алатын оқу орны. Мұнда білімге құштар, талай жарыстардан суырылып алға шыққан талантты оқушылар білім нәрімен сусындауда. Ұлағатты ұстаздардан сапалы білім мен тәрбие алып жатқан биылғы жылдың мектеп бітірушілері өнегелі істің басынан табылды.

Олар «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында, «Түлектердің ағаш егуі» эко-челленджіне қатысып, өз қолдарымен ағаш көшеттерін отырғызды 🌱. Бұл бастама өскелең ұрпақты қайырымды істерге баулуға ❤️, олардың бойында қоршаған ортаға деген қамқорлық 🌿 пен экологиялық мәдениеттілік қалыптастыруға бағытталғанын атап өтті. Сынып жетекшілері: Мадетхан Перизат, Кузбаева Эльмира Букенбаевна.

https://www.instagram.com/p/DJEN_LqMrLw/?igsh=MW4wbG1sc3lvNWhsMA==

«Шабыт» жобасы

«Шабыт» жобасының мақсаты — жас өнерпаздар мен шығармашыл тұлғаларға қолдау көрсету, оларды шығармашылық салада дамыту және қазақ мәдениетінің түрлі бағыттарын жаңа деңгейге көтеру. Бұл жоба Қазақстандағы жас таланттардың өнеріне қол жеткізуге мүмкіндік туғызады, сондай-ақ ұлттық мәдениет пен дәстүрлерді заманауи өнер арқылы насихаттайды.

Жоба аясында түрлі өнер түрлері: театр, музыка, бейнелеу өнері, әдебиет және басқа да шығармашылық жобалар жүзеге асырылып, жас ұрпақтың шығармашылығын арттыруға бағытталған. Сонымен қатар, «Шабыт» жобасы жастарды өнерге баулу, өнер саласында тәжірибе жинақтау және халықаралық деңгейде таныту мақсатында ұйымдастырылады.

МАҚСАТЫ: білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу.

- Челлендж «Даналық ұстаздан»
- «Ұлттық мәдениет» көрмесі
- «Жас Сарбаз» әскери-патриоттық әндер фестивалі
- Мектеп театры
- «Ананың аялы алақаны» челлендж
- «Өншуақ» фестивалі
- «Домбыра күні» концерт және көрме

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында «Ұшқыр ой алаңы» жобасы бойынша

Ұстаздар күні мерекесі орай «Ұстазым – ұлағатым, үлгі - өнегем» тақырыбында мерекелік іс-шара ұйымдастырылды.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында «Ұшқыр ой алаңы» жобасы бойынша

Ұстаздар күні мерекесі қарсаңында, 9-11 сынып оқушылары «Даналық ұстаздан» челленджіне қатысты.

<https://www.instagram.com/reel/DBdHcmOMxCc/?igsh=MWdoM3puc20yNWdrZA==>

2025 жылғы "Менің атым Қожа" тақырыбында өткен театр қойылымы «Шабыт» жобасы аясында ұйымдастырылды. Бұл шараның негізгі мақсаты — оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, қазақ әдебиетінің классикалық шығармаларына деген қызығушылығын арттыру, сондай-ақ мәдениет пен өнерді бағалауға тәрбиелеу. Қойылым оқушыларды әдебиетпен жақын таныстырып, олардың сахна өнеріне деген ынтасын оятуға бағытталды.

Қойылым барысында балалар "Менің атым Қожа" шығармасын сахнада жан-жақты көрсетіп, актерлік шеберліктерін танытты. Шараға қатысу арқылы оқушылар өздерінің шығармашылық әлеуетін жүзеге асырып, топтық жұмысқа бейімделді.

Қойылым оқушылардың өзін-өзі танытуына, өнер мен шығармашылыққа деген қызығушылықтарының артуына ықпал етті. Оқушылардың өз ойларын еркін жеткізу, әріптестерімен бірлесе жұмыс жасау дағдылары дамыды. Сонымен қатар, бұл іс-шара оқушылардың өз елінің әдебиеті мен мәдениетіне деген құрметін арттырып, сахна мәдениеті мен актерлік шеберлікке деген терең түсінік қалыптастырды. Қойылымның нәтижесінде оқушылардың эстетикалық талғамы, жауапкершілігі, шығармашылық көзқарасы мен өнерге деген сүйіспеншілігі артып, оларды шығармашылық әлеуетін одан әрі дамытуға ынталандырды.

<https://www.instagram.com/reel/DDeZ-WeNaAq/?igsh=MW5zdGw0NnRua3c4Zw==>

22.11.24ж. мектебімізде “Біртұтас тәрбие” бағдарламасы аясында “Шабыт” жобасын іске асыру мақсатында өзін-өзі басқару ұйымымен бірлесе отырып, “Кешір мені, Ана!” атты театрландырылған қойылым өткізілді.

Мақсаты: анаға деген құрмет пен махаббатты арттыру, ананың рөлін бағалай білуге тәрбиелеу, кешірімнің құндылығын түсіндіру. Қойылым барысында ананың мейірімі мен баласына деген шексіз махаббаты, сондай-ақ отбасы арасындағы қарым-қатынастың маңыздылығы ерекше көрсетілді.

Ұйымдастырушы: аға тәлімгер Уразова Р.И.

<https://www.instagram.com/reel/DCyltXitUmQ/?igsh=MTZpdm5ha2czYmNoOQ==>

Мектебімізде өнер мен шығармашылықты дәріптеуге бағытталған «Ән шуақ» балалар әндерінің фестивалі өтті. Фестивальдің басты мақсаты – жас өрендердің музыкалық қабілеттерін дамыту, сахна мәдениетін қалыптастыру және өнерге деген қызығушылығын арттыру болды.

Шара барысында оқушылар түрлі жанрдағы балалар әндерін орындап, көрермендерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Қатысушылар өздерінің сахнадағы еркіндігімен, орындаушылық шеберлігімен және әсем дауыстарымен көзге түсті.

«Ән шуақ» фестивалі балалардың өнерге деген құлшынысын арттырып қана қоймай, өз-өзіне деген сенімділігін нығайтып, шығармашылық әлеуеттерін ашуға үлкен мүмкіндік берді. Шара жоғары деңгейде ұйымдастырылып, көрермендердің зор ықыласына бөленді.

<https://www.instagram.com/reel/DEmN7MAN-Ny/?igsh=M2p6NHJsOTlwbTMz>

Мектебімізде оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында «Жұлдызды сәт» ән байқауы өтті. Бұл шара оқушыларды музыкалық өнерге баулып, олардың эстетикалық талғамын қалыптастыруға, ән айту мәдениетін дамытуға бағытталды. Байқау барысында қатысушылар өз өнерлерін ортаға салып, сахнада еркін, сенімді түрде өнер көрсету дағдыларын көрсете білді. Шара музыкаға қызығушылығы бар дарынды оқушыларды қолдап, олардың қабілеттерін ұштауға үлкен мүмкіндік берді. «Жұлдызды сәт» байқауы жоғары деңгейде ұйымдастырылып, қатысушылар мен көрермендерге керемет көңіл-күй сыйлады.

<https://www.instagram.com/reel/DEmmOcIJur9/?igsh=bWU2NG01a2Rqcmx0>

«Рухани құндылықтар: Ұлттың рухани мұрасы және ерекшеліктері»

Рухани құндылықтар – ұлттың ғасырлар бойы қалыптасқан мәдениеті мен дәстүрлерінің жиынтығы, ұлттық болмыстың айнасы. Қазақ халқының рухани құндылықтары атадан балаға мирас болып, ұрпақ санасына сіңіп, ұлттық бірегейлікті қалыптастырады. Халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан рухани мұрасы – ұлттық болмысымыздың ажырамас бөлігі. Ата-бабадан мирас болып қалған дәстүрлер, ұлттық киімдер, ою-өрнектер мен күй өнері – қазақ мәдениетінің ерекше құндылықтары.

Домбыра – қазақ халқының қастерлі музыкалық аспабы, ұлттық рух пен мәдениеттің символы. Домбыра үні арқылы халықтың қуанышы да, мұңы да көрініс табады. Күй өнері – ата-бабадан жеткен асыл мұра, ол ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, қазақтың рухани байлығының бір бөлігі ретінде сақталып келеді.

<https://www.instagram.com/reel/DBeXA6MDzA/?igsh=MW0wbXFzd24yMmd0NA==>

Ою-өрнек – халқымыздың эстетикалық талғамын, дүниетанымын және мәдени болмысын айқындайтын құнды өнер. Әрбір оюдың өзіндік мағынасы бар, олар табиғатпен, тұрмыс-тіршілікпен байланыстырылады. Ою-өрнек тек әсемдік үшін емес, ұрпаққа өсиет, символдық мәні бар белгі ретінде де қолданылады.

Ұлттық киім – халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрінің, тұрмыс-тіршілігінің және шеберлік өнерінің көрінісі. Киімдердің әрбір элементі – өрнегі, матасы, пішіні – белгілі бір аймақтың ерекшелігін, әлеуметтік мәртебесін көрсетіп, ұлттық болмыстың ажырамас бөлігіне айналды.

Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлттық құндылықтарды сақтау – әрбір азаматтың борышы. Осындай игі істер арқылы жас буын өз тамырынан ажырамай, ұлттық мәдениетін құрметтеуді үйренеді. Домбыраның күмбірлеген үні халықтың жан тебіренісін жеткізіп, күй арқылы ұлы дала тарихын баяндайды. Ою-өрнектер – қазақтың эстетикалық талғамын, терең философиясын бейнелейтін өнер туындысы. Ал ұлттық киім – халқымыздың өмір салты мен дүниетанымының ажырамас бөлшегі. Бұл асыл мұралар ұрпақтан-ұрпаққа аманат ретінде жалғасып, ұлттық рухты асқақтатып, мәдениеттің тұғырлы негізін қалыптастырады. Оларды сақтау, дамыту – әрбір азаматтың қасиетті парызы.

Мектебімізде “Біртұтас тәрбие” бағдарламасы аясында, “Шабыт” жобасының қазан айындағы жоспарына сәйкес “Ұлттық мәдениет” көрмесі өтті.

Мақсаты: Білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу.

Мектебімізде “Біртұтас тәрбие” бағдарламасы аясында, “Шабыт” жобасының қазан айындағы жоспарына сәйкес “Ұлттық мәдениет” көрмесі өтті.

Мақсаты: Білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу.

<https://www.instagram.com/reel/DBeXA6-MDzA/?igsh=MW0wbXFzd24yMmd0NA==>

«Ұшқыр ой алаңы» жобасы

МАҚСАТЫ: тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптеу, оқушылардың ойлау қабілеттерін, тапқырлықтары мен шапшаңдықтарын, танымдық белсенділіктерін арттыра отырып, өз ойларын еркін де шешен сөзбен дәлелдеуге үйрету, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру.

- Дебат
- Зияткерлік ойындар

«Ұшқыр ой» – Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында жүзеге асырылатын танымдық-интеллектуалдық бағыттағы жоба. Жобаның басты мақсаты – оқушылардың логикалық ойлау қабілетін, зияткерлік деңгейін арттыру, шығармашылық және тапқырлық дағдыларын дамыту.

Бұл жоба оқушылардың: логикалық және сыни ойлауын, есте сақтау қабілетін, тез әрі нақты шешім қабылдауын, командамен жұмыс істеу дағдыларын дамытады.

Форматы: түрлі логикалық сұрақтар, ребустар, жұмбақтар, танымдық ойындар мен тапсырмалар арқылы өткізіледі.

«Ұшқыр ой» – білімге құштар, зерек, тапқыр жастарды қолдауға бағытталған қызықты әрі пайдалы жоба.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында «Ұшқыр ой алаңы» жобасы бойынша

Ұстаздар күні мерекесі орай «Ұстазым – ұлағатым, үлгі - өнегем» тақырыбында мерекелік іс-шара ұйымдастырылды

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында «Ұшқыр ой алаңы» жобасы бойынша

“Дін мәселелері және қоғаммен байланыс жөніндегі орталығы” КММ-нің теолог маманы Абдрашов Ақжол Жумабайұлы 8-11 сынып оқушыларына "Жат ағымнан аулақ болайық" тақырыбында түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Мақсаты: Дәстүрлі діндердің құндылықтары мен қасиетін түсіндіру және діни сенімдерді насихаттау, теріс пиғылды діни ағымдар бойынша діни терроризм мен экстремизмнің алдын алу. Жастар санасына және қоғамға ірткі салатын дәстүрлі емес, теріс пиғылдағы, деструктивтік діни ағымдардан сақтанудың жолдарын оқушылар

25-қазан “Республика күні” мерекесіне орай 24-қазан сағат 12:00-де Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны шырқалды.
<https://www.instagram.com/reel/DBjpe7EsRmi/?igsh=MXM4OGVvdWNyZWlwYw==>

Мектебімізде 24-қазан күні Республика күніне орай «Гүлдей бер, Қазақстан» атты мерекелік шара ұйымдастырылды. Мерекелік шараның мақсаты: оқушыларды ұлттық құндылықтарды құрметтеуге, Отанға деген сүйіспеншіліктерін арттыруға бағытталды. Бұл шара арқылы жастардың бойында патриоттық сезімнің қалыптасуына зор үлес қосылды. Республика күні – әрбір азаматтың өз Отанына деген адалдық пен жауапкершілігінің айқын көрінісі.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында «Ұшқыр ой алаңы» жобасы бойынша

25-қазан Республика күніне орай **«Жасай бер, жаса – Қазақстаным»** тақырыбында салтанатты жиын өткізілді.

2024 жылдың 24 қазанында мектебімізде Республика күніне орай «Гүлдей бер, Қазақстан» атты мерекелік шара өткізілді. Іс-шараның негізгі мақсаты – оқушыларды ұлттық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу және Отанға деген сүйіспеншіліктерін арттыру болды.

Мерекелік шара барысында:

Оқушылар өз өнерлерін көрсетіп, патриоттық әндер орындады;

Ұлттық дәстүрлер мен құндылықтарды насихаттайтын қойылымдар қойылды;

Қазақстан тарихы мен тәуелсіздігіне арналған көрме ұйымдастырылды.

Шараға мектеп оқушылары, ұстаздар және ата-аналар белсене қатысты. Бұл іс-шара жас ұрпақтың бойында патриоттық сезімді нығайтып, елге деген адалдық пен жауапкершілікті қалыптастыруға үлкен үлес қосты.

<https://www.instagram.com/reel/DBv6xngNj5N/?igsh=OTUxeDc1NWZtMDVr>

Дебат клубының жоспарына сәйкес қыркүйек айында қабылданған 8-11 сынып оқушылары арасында алғашқы отырыс болды. Жиында дебат клубының жоспармен таныстырылып, клубтың президенті сайланды. Көпшілік дауысы негізінде 9 сынып оқушысы Берниязова Аружан дебат клубының президенті болып, 8 сынып оқушысы Абатова Жангүлім көмекшісі болып сайланды. Жиын барысында алдыға жоспар құрылып, бірнеше қарар талқыланды және айына 2 рет дебат ойындарын өткізу шешімі қабылданды. Сонымен қатар оқушыларға дебат туралы түсінік берілді. Дебат дегеніміз – пікірсайыс, жарыссөз, айтыс десек те болады. Шешендік өнер мен ой ұшқырлығы сынға түсетін ойын. Дәлелдер мен фактілерге сүйенеді. Белгілі бір тәртіпке бағына отырып, ойыншылар бір-біріне құрмет танытады. Сондықтан оны дұрыс жоспарлай білу керек. Қатысушы білімді, батыл және әдепті болуы тиіс. Ең бастысы, дебат – ұрыс алаңы емес, нақты тақырып аясында арнайы ережелер негізінде ой жарыстыру екені айтылды.

Дебат клубының жоспарына сәйкес қазан айында 10 сынып оқушылары арасында

«Баланы жәбірлеудің алдын-алу(буллинг) және оны болдырмау» тақырыбында сайыс өткізілді.

Мақсаты: Жасөспірім кезеңіндегі кездесетін буллингтің түрлері, себептерін анықтау, қиыншылықтардың және оның алдын алу жұмысын жүргізу, буллинг туралы ақпаратты кеңейту. Сайыс барысында 2 топ өз дәлелдері мен дәйектерін келтіре отырып, қызу талқылау жасалды. Қорытындысында «Біз буллингке жоқ дейміз!» деген ұранға тоқталды.

Дебат клубының жоспарына сәйкес қазан айында 11 сынып оқушылары арасында «Қазақстандағы сот жүйесі кеше, бүгін, ертең» тақырыбында ой қозғау өтті. Қазақ сотының тарихы халық дәстүрлері, әдет-ғұрпы, діни ұстанымдары қазақ даласында заң ретінде қызмет еткен көне заманнан бастау алатынын тілге тиек етіп, қазіргі заң жүйесіне тоқталды. Қоғамда болып жатырған оқиғалар мен шығарылып жатқан сот шешімдеріне және қазіргі сот жүйесіне енгізілу керек өзгерістерді де қозғай кетті. Пікірсайыста бастысы - ой-өріс, мінез, өз ұстанымын

дәлелді түрде қорғауға ұмтылыс және мотивация болып табылады. Әр отырыс сайын оқушылардың кемшілік тұстары мен артықшылықтары сарапталып отырады.

Дебат клубының жоспарына сәйкес қазан айында 8а сынып оқушылары арасында «Мен және менің құқығым» тақырыбында дебат ойыны өткізілді. Мақсаты: Оқушының құқықтары мен міндеттері туралы білімдерін толықтыру. Оқушыларды адам құқықтарына оқыта отырып, түрлі өмірлік жағдайларда өз мүмкіндіктерін жеке және қоғам пайдасына сәйкес шешім қабылдай алу әрекеттерін дамыту. Қазақстанның болашағына үлесін қоса білетін білімді де, ізденімпаз ұрпақ етіп тәрбиелеу. Сайыс барысында Қазақстан Республикасында тұратын барлық азаматтардың құқықтары мен міндеттеріне тоқтала отырып, бала құқығы ерекше қозғалды. Пікірсайыста бастысы - ой-өріс, мінез, өз ұстанымын дәлелді түрде қорғауға ұмтылыс және мотивация болып табылады. Әр отырыс сайын оқушылардың кемшілік тұстары мен артықшылықтары сарапталып отырады.

Дебат клубының жоспарына сәйкес қараша айында 8-9 сынып оқушылары арасында «Tiger parenting- ата-аналардың өз балаларының мектептік және академиялық жетістіктерге жету мақсатында қатал және қатты талаптар қою арқылы тәрбиелеу» тақырыбында дебат ойыны өтті.

Мақсаты: пікірсайыс (дебат) қозғалысты дамыту және насихаттау, мектептегі пікірсайыс (дебат) қозғалысты дамыту және қолдау, тәжірибе алмасу.

Турнирдің міндеттері:

- Дебат клубының жетекшілерінің жалпы шешендік сөйлеу өнері дағдыларын және сендіру әдістерін қалыптастыру, ұйымдастыру дағдыларын, коммуникативтік біліктіліктерін дамыту;
- Қазақстандық қоғамда орын алған өзекті мәселелі жағдайларды талдау мен көпшілік алдында талқылау арқылы дебат клубының жетекшілерінің мәселелерді шешу жолдары мен тетіктерін табу, дәлелдеме жасау өнерін қалыптастыру;
- Дебат клубының жетекшілерін өзекті қоғамдық саяси тақырыптарды талқылауға тарту, азаматтық көзқарастарын дамыту және конструктивті диалог пен пікірталасты жүргізу мәдениетін қалыптастыру жұмыстарын жандандыру;

📌 "Ұшқыр ой" жобасы аясында "Орысша сөйлеп, орыс тілін дәріптесек, ата-бабамыз не үшін қан төкті?" тақырыбында дебат ұйымдастырылды.

✦ **Мақсаты:**

1. Тілдің ұлттық мәдениеттің негізі екенін түсіндіру.
2. Жастардың ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттыру.
3. Сыни тұрғыда ойлау қабілеттерін дамыту.
4. Тарихи сананы жаңғырту арқылы ата-бабалар ерлігін ұмытпауға шақыру.
5. Қоғамдағы өзекті мәселелерді ашық талқылауға мүмкіндік беру.
6. Қатысушылардың шешендік және пікірсайыс дағдыларын жетілдіру.

Өткізген: Назарбаева Г.

<https://www.instagram.com/p/DDrtB1zib5b/?igsh=MWxjdDlqdnh1YzFuZW==>

"Ұшқыр ой алаңы" жобасы аясында "Заңды білмеу жауапкершіліктен босатпайды" тақырыбында 8 "Б" сыныбында дебат ұйымдастырылды.

✦ **Мақсаты:**

- Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру.
- Ой-өрісін, сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамыту.
- Өз ойын жүйелі жеткізуге, пікірін дәлелдеуге және топта жұмыс істеуге үйрету.

Өткізген: Назарбаева Г.

<https://www.instagram.com/p/DFHnXYutGfq/?igsh=MXNnMHc0N3djeXA5OQ==>

"Ұшқыр ой" жобасы аясында 5-7 сынып оқушыларына дебаттың маңызы, ережелері және жүргізу тәсілдері туралы түсіндірме жұмыстары ұйымдастырылды. Оқушыларға пікірталас мәдениеті, өз ойын дәлелді түрде жеткізу дағдылары түсіндірілді. Бұл шара олардың сыни ойлау қабілетін жетілдіруге, сенімді сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға және логикалық ойлауын дамытуға бағытталды.

Түсіндірме жұмысын жүргізген:

8 "Ә" сыныбының оқушылары.

Ұйымдастырған:

"Ұшқыр ой" жобасының жетекшісі – Назарбаева Г.

<https://www.instagram.com/reel/DFuSMJLNukY/?igsh=OTg1cW10OTRheW5u>

"Ұшқыр ой" жобасы аясында 4-сынып оқушылары арасында "Ғаламтордың пайдасы мен зияны" тақырыбында дебат ұйымдастырылды.

◆Шараның мақсаты:

■Оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамыту.

■Өз пікірін дәлелді түрде жеткізуге үйрету.

■Көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.

■Ғаламтордың оң және теріс жақтарын саралау.

■Оны тиімді әрі қауіпсіз пайдалануға бағыттау.

Дебат барысында:

✓Оқушылар өз көзқарастарын еркін білдірді.

✓Қарсы тараптың пікірін тыңдап, талдау жасады.

✓Шешім қабылдау дағдыларын жетілдірді.

Ұйымдастырған: "Ұшқыр ой" жобасының жетекшісі: Назарбаева Г.

<https://www.instagram.com/reel/DGAC6HhtDsJ/?igsh=Z2kybG1qOGcxbGoz>

"Біртұтас

тәрбие" бағдарламасының "Smart Bala" жобасы аясында

"Үздік көшбасшы – 2025"

тақырыбында оқушылар арасында сайыс өткізілді.

Өзін – өзі басқару ұйымының

жұмысын жандандыру мақсатында, «**Ұшқыр ой алаңы**» жобасы аясында 6-8 сынып оқушылары арасында «**Үздік көшбасшы**» сайысы өткізілді.

◆Мақсаты: Оқушылардың оқу пәндеріне деген қызығушылығын арттыру, алған білімдерін өмірде тиімді қолдану дағдыларын қалыптастыру, шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін дамыту. Сонымен қатар, өз ойын дәлелді түрде жеткізу, шешім қабылдау, жауапкершілік пен бастамашылдық қасиеттерін нығайту арқылы көшбасшылық қабілеттерін шыңдау.

<https://www.instagram.com/p/DFfuDZvI5Vc/?igsh=MWlna3NpMGkxaWZtNQ==>

«**Еңбегі адал жас өрен**» жобасы

МАҚСАТЫ: білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу

- «Күзгі асар» жәрмеңкесі
- Мамандықтар әлемі
- Мектептің әлеуметтік желісіндегі жарияланым
- «Мамандық марафоны» конкурсы

Адал еңбек пен еңбекқорлық мәдениетін кеңінен насихаттау мақсатында «Еңбегі адал жас өрен» жобасы жүзеге асырылады.

Жоба еңбек адамының мәртебесін көтеруге, еңбек культін дәріптеуге бағытталады. Жоба шеберінде білім алушылардың кәсіптік бағдарын анықтауға қолдау көрсетуді, өз міндетін адал және жауапкершілікпен атқаруға баулуды және еңбек адамын құрметтеуге үйретуді көздейді.

Білім алушыларға өзіне жүктелген міндетті орындау үшін барын салып еңбек ететін білікті маман нағыз еңбек адамы екендігін дәріптеуді қажет етеді. Нағыз еңбек адамы әр ісіне, әр қадамына жауапкершілікпен қарайтын, өзегінің еңбегін бағалайтын адал азамат екендігін түсіндіру қажет.

Жалпы, «Еңбегі адал жас өрен» жобасы жеке тұлғаны жан-жақты дамыту, еңбектің маңыздылығын мойындау және жастардың белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыру үшін жағдай жасау міндеттейді.

Жобаны жүзеге асыру үшін білім алушыларға өзі тұратын ауылдағы, қаладағы табысты еңбек азаматтарымен бірлескен шеберлік сағаттарын, колөнершілер фестивальдерін, кәсіптік бағдар берудің ғылыми жобаларын, конкурстарын және өңірдегі өндірістік орындар мен кәсіпорындарда тәжірибе алаңдарын ұйымдастыруды қамтамасыз ету қажет.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында қыркүйек айы “Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік” тақырыбына арналды. Осыған орай, 10 “Ө” сынып оқушылары мектеп ауласында сенбілік жұмыстарын ұйымдастырып, белсенділік танытты.

Сенбілік барысында оқушылар тек еңбекке баулумен шектелмей, қоршаған ортаны таза ұстаудың маңыздылығын терең түсініп, тазалыққа деген жауапкершілік сезімдерін арттырды. Бұл шара оқушыларға өз еңбектерінің нәтижесін көруге, мектеп өміріне белсенді араласуға және ұжыммен бірлесе жұмыс жасауға үлкен мүмкіндік берді. Аталған іс-шара “Еңбегі адал жас өрен” жобасы аясында жүзеге асырылып, оқушылардың еңбекқор, ұқыпты, жауапты болуына бағытталды. Сынып жетекшісі: Айсағалиқызы Р.

https://www.instagram.com/p/C_3GiNPsfkk/?igsh=OWhxemN6MG1scXcw

Мектебімізде 30 қыркүйек күні “Зере” әжелер мектебінің алғашқы отырысына орай 8-10 сынып қыз балалары арасында “Бұрымды қыз” кеші өтті.

Кештің мақсаты: “Зере” әжелер мектебінің қыз балаларды тәрбиелеудегі ұсыныстары мен тәрбиелілігіне бағыт-бағдар беру. Қазақ халқының ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан даналығы мен терең саналылығын бойына дарытқан қазақ қыздарының табиғат берген көркемділік - әдемілігімен, сұлулығына тәу ету. “Зере” әжелер мектебінің алғашқы отырысы мектеп директоры Урекешова Лариса Шадшадинқызының алғашқы сөзімен ашылды. “Бұрымды қыз” кешіне 8 аруымыз өз өнерлерін ортаға салды. Шашты қалай күту жолдарымен және бұрымды қалай күту жолдарымен бөлісті. Қазақ халқының сән үлгісін көрсетті. Қатысушы аруларға “Қолаң шаш”, “Сұлу шаш”, “Мықты шаш”, “Сәнді шаш”, “Жібектей шаш”, “Шуақты қыз”, “Бұрымды ару”, “Көрермен көзайымы” номинациялары берілді.

Кешті ұйымдастырғандар: Шакирова Г., Айсағалиқызы Р.

<https://www.instagram.com/reel/DAkTzirQLh/?igsh=djZxaHFxaGFyeGg0>

"Біртұтас тәрбие" бағдарламасы негізінде "Еңбегі адал жас өрен" жобасы аясында мектеп оқушыларымен "Күзгі асар" жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Жәрмеңкенің мақсаты күз уақыты молшылыққа толы болғандықтан күздің берекелі, мерекелі кезін насихаттап, оқушыларды талғампаздыққа, еңбекқорлыққа баулу, балалардың қызығушылығын арттыру болды. Әр сынып әртүрлі тағамдар дайындап, тағам түрлерінің санитарлық талапқа сай жасалды және жабдықталды. Күзгі жәрмеңке бірнеше критерийлер бойынша бағаланды. Бұл іс-шараға мектеп әкімшілігі, мектеп ұжымы, сынып жетекшілер, оқушылар және ата-аналар белсенді қатысты.

<https://www.instagram.com/reel/DBQNgFaNRIU/?igsh=MWR3MzM4dGd1eTV0aQ==>

«Мамандық таңдау болашақты таңдау» тақырыбында пікір алмасу болды. Қазан айында өтті. Оған 9-11 класс оқушылары қатысты. Класс жетекшілері жауапты болды.

Мақсаты: білімділік: оқушыларға болашақ мамандық және оқу бағдарын тындауға көмектесу, мамандық әлемі және оның ерекшеліктері туралы дүниетанымын кеңейту.

Тәрбиелік: мамандық таңдау мәселесін белсенді арттыру, мамандық әлемі туралы ақпарат алу арқылы және өзін өзі тану шекарасын кеңейту арқылы мамандық бағытын таңдауда жауапты шешім қалыптастыру.

Көрнекілігі: мамандық туралы суреттер, мамандық аттары жазылған карточка, плакат, слайд көрсету.

Пікір алысты. Миға шабуыл жасалды. Психологиялық тест өткізілді. Дидактикалық ойындар ойнатылды. Тренингтер өтті.

Қорытынды. Келген қонақтарымызға көп рахмет. Осымен бүгінгі сабағымыз аяқталды.

«Балалар кітапханасы» жобасы

МАҚСАТЫ: кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру

- Әдеби кеш / кітаптар көрмесі / кітап кейіпкерлерінің конкурсы
- «Кітаптар айналымы» акциясы
- «Шын жүректен кітап сыйла!» челлендж

Тәрбие жұмысының өзекті мәселесі: Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі ұйымдастыру.

- білім беру ұйымында қауіпсіз, жайлы физикалық оқу ортасын қамтамасыз ету;
- «Біртұтас тәрбие» тәрбие бағдарламасының түйінді құндылықтарын ескеріп, білім беру процесінің оқушылар үшін этикалық нормаларды белгілеу.
- Барлық білім алушылардың әлеуетін дамытуға ықпал ететін орта құру
- педагогтер, білім алушылар мен ата-аналар немесе заңды өкілдер арасында өзара сыйластық және тілектестік қарым-қатынас орнату.
- Ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту арқылы білім алушыларға жайлы жағдай жасау.

"Біртұтас тәрбие бағдарламасы" "Балалар кітапханасы" жобасы аясында 5 қыркүйек Қазақстан халқы тілдер күніне орай «Жаңа кітаптар оқырман игілігіне» атты кітаптар көрмесі ұйымдастырылып, жаңа әдебиеттер ұсынылды.

📖 "Балалар кітапханасы" жобасы аясында "Менің сүйікті кейіпкерім" тақырыбында 5 "В" сыныбы эссе жазды.

★ Мақсаты:

1. Шығармашылық қабілетті дамыту: Оқушының өз ойы мен сезімдерін еркін және әсерлі түрде жеткізе білуіне ықпал ету.

2. Әдебиетке қызығушылықты арттыру: Оқушыны кітап оқуға және кейіпкерлердің өмірін терең түсінуге баулу.

3. Тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру: Қарастырып отырған кейіпкер арқылы оқушының өз бойындағы жақсы қасиеттерді танып-білуіне және дамытуына жағдай жасау.

4. Талдау және сараптау қабілетін жетілдіру: Оқушының кейіпкердің іс-әрекетін, мінезін, оқиғадағы рөлін талдай білу қабілетін дамыту.

5. Жазу шеберлігін жақсарту: Эссе жазу арқылы оқушының сауатты, логикалық және жүйелі түрде жазу дағдыларын жетілдіру.

6. Өзіндік пікір қалыптастыру: Кейіпкерге қатысты өз көзқарасын білдіру, оның ерекшеліктері туралы ой толғау арқылы оқушының сын тұрғысынан ойлауын дамыту. Ұйымдастырған: Сынып жетекшісі: Ерқұлова Б.Ж

📖 "Балалар кітапханасы" жобасы аясында «Кітап – өмір азығы» тақырыбында жәрмеңке ұйымдастырылды. Ұйымдастырған: Кубышева А.К

★ «Кітап – өмір азығы» жәрмеңкесінің мақсаты:

1. Кітап оқуға қызығушылықты арттыру: Балалардың кітапқа деген сүйіспеншілігін оятып, оқу мәдениетін дамыту. 2. Әдеби білімді кеңейту: Өртүрлі жанрдағы кітаптармен таныстыру арқылы балалардың әдебиетке деген танымын кеңейту. 3. Шығармашылық қабілеттерді дамыту: Балаларды кітап әлеміне еліктіре отырып, олардың қиялын, ойлау қабілетін және шығармашылық көзқарасын дамыту. 4. Білімнің құндылығын түсіндіру: Кітап арқылы өмірлік құндылықтар мен маңызды идеяларды жеткізу.

Жәрмеңке бөлімдері:

1. «Классика қазынасы» – әлем әдебиетінің үздік туындылары.

2. «Қиял-ғажайып әлем» – фантастикалық жанрдағы кітаптар.

3. «Тарих және тағылым» – тарихи шығармалар.

4. «Балалар әдебиетінің жауһарлары» – қазақ және әлем балалар әдебиетінің өкілдері.

5. «Өзің жаса» – шығармашылық қолөнер бұрышы.

https://www.instagram.com/p/DDekUoOtAQb/?img_index=1&igsh=bzBvb29nZmVpZTdq “Қыста кітап оқимыз, жадымызда тоқимыз”

Мақсаты: Оқушыларды кітап оқуға ынталандыру. Қысқы демалысты пайдалы өткізуге бағыт беру. Әдеби шығармаларды оқу арқылы рухани байлықты арттыру.

Шығармашылық ойлау қабілетін дамыту.

“Кітап – рухани байлық” таныстырылымы:

Мектеп кітапханашысы Кубышова А. оқушыларға қысқы демалыс кезінде оқуға ұсынылатын кітаптардың топтамасымен таныстырады.

«Құрметті оқушылар, қысқы демалысты қызықты әрі пайдалы өткізу үшін сіздерге бірнеше кітапты ұсынамын. Әдебиет арқылы тек қызықты оқиғаларды оқып қана қоймай, өмірлік маңызды құндылықтарды үйрене аласыздар. Кітаптар әрқайсыңызды жаңа әлемге жетелейді!»

Сынып жетекшісі Оразалы Г.Е.:

«Құрметті балалар! Бүгінгі іс-шарада сіздер әдебиеттің өміріміздегі маңызы туралы тереңірек түсіндіңіздер деп ойлаймын. Қысқы демалысты кітап оқып, білімдеріңізді арттыруға арнаңыздар. Кітап – сенімді серік, ал білім – баға жетпес байлық!»

«Кітап біздің досымыз досымыз» тақырыбында тәрбие сағаты болды. Қыркүйек айында өтті. Оған оқырмандар қатысты. Тәлімгер. Кітапханашы жауапты болды.

Мақсаты: білімділік: оқушыларға кітаптың ерекше қасиеті туралы айта отырып, кітаптың сарқылмасс рухани қазына екендігін ұғындыру, бар білімнің қайнар көзі осы кітаптан алатынын, кітаптың адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру.

Оқушыларға тапсырмалар берілді. Кітап ханшайымы сыныпқа кіреді. Оқушылар өздерінің өлеңдерін оқыды. Кітаптар мұңы деген тақырыпқа көрініс қойылды. Біз бақытты баламыз әні орындалады.

Қорытынды. Кітапты неғұрлым көп оқысаң, ссоғұрлым барлығын білетін боламыз. Кітапты таза, ұқыпты ұстау керек.

Кемшілігі: кемшіліктер болған жоқ.

Ұсынысым: оқушылар бойына кітапты құрметтеуге тәрбие беру.

Тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасары

"Кітап – жан азығы" атты іс-шара сценарийі

Мақсаты: Оқушылар арасында кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту және кітаптың рухани құндылық екенін түсіндіру.

Өтетін орны: Мектептің акт залы Қатысушылар: 2-6 сынып оқушылары

Ұйымдастырушы: Уразова Римма Исатайқызы

Іс-шара барысы

Жүргізуші: Қайырлы күн, құрметті оқушылар, ұстаздар және қонақтар! Бүгін біз «Демалыста кітап оқимыз» шарасы аясында кітаптың адам өміріндегі маңыздылығын тағы бір мәрте түсінуге мүмкіндік аламыз. Кітап – жан азығы, білімнің қайнар көзі.

Мектеп директоры немесе кітапхана қызметкерінің құттықтау сөзі (міндетті емес).

Міне, құрметті достар, бүгінгі іс-шарамыз өз мәресіне жетті. Кітап – адамзаттың баға жетпес байлығы. Оны оқу арқылы біз өзімізді жетілдіреміз, жаңа әлемдерге саяхат жасаймыз.

Ұйымдастырушының қорытынды сөзі:

Құрметті оқушылар, бүгінгі шара сіздерге шабыт беріп, кітапқа деген махаббаттарыңызды арттырды деп сенемін. Әрқашан кітап оқып, рухани бай болыңыздар! Барлық қатысушылар бірге: «Кітап оқы – кемелден!»

<https://www.instagram.com/reel/DByuJD6tHdE/?igsh=bGhkdWc1MW82dXY=>

«Smart bala» жобасы

МАҚСАТЫ: инновациялық жобалар конкурсы арқылы құндылықтарды дәріптеу

- «Startup» конкурсы
- «Өнертапқыштыққа алғашқы қадам» конкурсы

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев озық дамыған мемлекет құру өскелең ұрпаққа тікелей байланысты екендігіне тоқталып, оларды тәрбиелеуге ерекше назар аудару міндетін қойды.

Ұлт болашағы балалар мен жастардың бойына қандай құндылықтар сіңіретініне байланысты, сол себепті өскелең ұрпақты тәрбиелеу – мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі.

Сондықтан «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы елімізді жаңартатын «Қағидамыз – әділдік, тірегіміз – жауапкершілік, мақсатымыз – өрлеу» ұстанымына негізделеді.

Тәрбие жұмысының өзекті мәселесі: Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі ұйымдастыру.

- білім беру ұйымында қауіпсіз, жайлы физикалық оқу ортасын қамтамасыз ету;
- «Біртұтас тәрбие» тәрбие бағдарламасының түйінді құндылықтарын ескеріп, білім беру процесінің оқушылар үшін этикалық нормаларды белгілеу.
- Барлық білім алушылардың әлеуетін дамытуға ықпал ететін орта құру
- педагогтер, білім алушылар мен ата-аналар немесе заңды өкілдер арасында өзара сыйластық және тілектестік қарым-қатынас орнату.
- Ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту арқылы білім алушыларға жайлы жағдай жасау.

2025 жылдың қазан айында 8–10 сынып оқушыларының ұйымдастыруымен мектебімізде "Арайлы, алтын күз" атты мерекелік іс-шара өткізілді. Іс-шара оқушылардың белсенділігімен, шығармашылық қабілеттерімен және ұйымшылдықтарымен ерекшеленді. Мерекелік кеш барысында түрлі қойылымдар, ән-билер, көркемөнерпаздар байқауы, сән көрсетілімі мен күзгі жәрмеңке сынды қызықты бөлімдер өтті.

"Арайлы, алтын күз" мерекесі мектебіміздің оқушылары үшін жарқын әсерлер мен ұмытылмас сәттерге толы болды. Барлық қатысушылардың ынтымақтастығы мен белсенді атсалысуының арқасында іс-шара жоғары деңгейде ұйымдастырылып, сәтті аяқталды.

<https://www.instagram.com/reel/DBWHLomNhBe/?igsh=Y3RteWlrb2RqbzZ5>

📅 22.11.2024 ж. мектебімізде "Біртұтас тәрбие" бағдарламасы аясында "SMART BALA" жобасын іске асыру мақсатында 8 сынып оқушылары арасында "Квест Smart Bala" логикалық ойыны өткізілді.

📌 Мақсаты:

- Оқушылардың ойлау қабілетін дамыту – оқушылардың аналитикалық, сыни және шығармашылық ойлау қабілеттерін жетілдіру;
- Танымдық қызығушылықты арттыру – жаңа білімге құмарлықты оятып, зерттеуге ынталандыру;
- Бірлесе әрекет ету – командалық жұмыс дағдыларын қалыптастыру, ынтымақтастыққа бейімдеу;
- Жылдам және тиімді шешім қабылдау – күрделі тапсырмаларды жылдам әрі дұрыс шешу дағдыларын қалыптастыру;
- Өзіндік пікір қалыптастыру – әртүрлі көзқарастарды талдай отырып, жеке ой-пікірін дәлелдеуге үйрету.

<https://www.instagram.com/reel/DCrRZlbtmqA/?igsh=YXAxbDh6eGtodjI=>

«Төрлет, құтты Жаңа жыл!» атты Жаңа жылдық ертеңгілік 2025 жылдың 28 желтоқсан күні 3 "Б" сыныбында өткізілді.

Жаңа жыл – жаңа бастамалар мен жарқын үміттер мерекесі. Осы мерекеге орай ұйымдастырылған ертеңгілік барысында оқушылар Аяз ата мен Ақшақарды қуана қарсы алып, тақпақтар айтып, ән салып, көңілді билер орындады. Түрлі ойындар ойнатылып, оқушылардың белсенділігі мен шығармашылық қабілеттері көрінді.

Мерекелік іс-шара жоғары деңгейде өтті. Оқушылар бір-біріне жақсы көңіл күй сыйлап, Жаңа жылға көтеріңкі көңілмен қадам басты.

Сынып жетекшісі: Өтеген Г. А. Сынып: 3 "Б"

https://www.instagram.com/reel/DEMo3_zNXgD/?igsh=MTkxa2V0ejhuNHRoeg==

09.01.2025 күні 8-сыныптар арасында “Ақыл Майдан” интеллектуалдық сайысы ұйымдастырылды.

📌 Мақсаты:

- Оқушыларды өз бетінше ізденуге, ойларын еркін жеткізе білуге үйрету, ой-өрісін, тілін және ойлау қабілетін дамыту.
- Шығармашыл, белсенді тұлға тәрбиелеу.
- Оқушылардың жан-жақты білімін тексеру, пысықтау және әртүрлі пәндерге қызығушылығын арттыру.

Өткізген: Сырбаева А.Қ.

<https://www.instagram.com/p/DEmWHvANOVJ/?igsh=MXNwMDFrbWpmb25nYw==>

📅 20 наурыз күні мектебімізде Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесіне орай мұғалімдер арасында "Дәстүр мен өнер – ұлт мұрасы" атты сайыс өтті. Бұл шарада ұлттық мәдениетіміздің түрлі қырлары дәріптеліп, ұстаздар өз өнерлері мен шеберліктерін ортаға салды.

📌 Сайыс шарттары: 📌 Ұлттық киім (сән үлгісі)

📌 Шаш өру, ұлттық әшекей бұйымдармен таныстыру

📌 Ұлттық ойындар 📌 Қолөнер

📌 Ұлттық би 📌 Ұлттық тағам (еттен басқа) 📌 Бата

📌 Бұл сайыс ұлттық құндылықтарды дәріптеумен қатар, мерекелік көңіл-күй сыйлап, баршаға ұмытылмас әсер қалдырды. Осындай игі шаралар арқылы халқымыздың салт-дәстүрін насихаттап, болашақ ұрпаққа жеткізу – әрқайсымыздың міндетіміз!

<https://www.instagram.com/reel/DHdj6Pdo9Wf/?igsh=MXhqYTJhazl5bW03Mg==>

18 наурыз 2025 жылы облыстық деңгейде "Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында жүзеге асырылатын жобалар" тақырыбында семинар өткізілді. Бұл шараның басты мақсаты – тәрбие үдерісін жетілдіру, оқушылардың жан-жақты дамуына ықпал ететін жобаларды таныстыру және тәжірибе алмасу алаңын құру.

Семинар барысында "Біртұтас тәрбие бағдарламасы" аясында іске асырылып жатқан "Қамқор", "Шабыт", "Еңбегі адал - жас өрен", "Ұшқыр ой" алаңы, "Smart bala", "Балалар кітапханасы" жобаларының мазмұны, олардың тиімділігі мен нәтижелілігі талқыланды.

Шараға "Білім алушылардың ұлттық орталығы" акционерлік қоғамының маманы Каплиева Айгуль Кыдырбаевна, мектеп директоры - Урекешова Лариса Шадшадиновна, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары - Мустафина Алтынгүл Агисовна, облыс және қала мектептерінің сынып жетекшілері және педагогтер қатысты. Семинар аясында баяндамалар оқылып, панельдік пікірталастар ұйымдастырылып, қатысушылар өз ұсыныстарын ортаға салды.

https://www.instagram.com/reel/DHVMN1-Mm_P/?igsh=NWs1MGJmMzB1NXZx